

**Жерді бір санаттан басқа санатқа ауыстыру және оны қорғаныс мұқтажы үшін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 268 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 2-бабына, 13-бабының 3) тармақшасына және 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақмола облысы Аршалы ауданының босалқы жер санатынан жалпы ауданы 80,0 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақмола аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында далалық оқу орталығын салу және оған қызмет көрсету үшін берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақмола аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алу салдарынан болған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 3

с ә у і р д е г і

№                      2 6 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл**

## шаруашылығына арналған өзге де жер санатына ауыстырылатын учаскесінің экспликациясы

Р / с №	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде	
			жайылым	басқа жерлер
1.	Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Арнасай ауылдық округі	80,0	80,0	
	Барлығы	80,0	80,0	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК